ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical University

PUBLISHED SINCE 1944

2 (396)

MARCH – APRIL 2022

ALMATY, NAS RK

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы,** PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канситович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович,** PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **H = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **H=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **H=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **H = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich,** Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2, Number 396 (2022), 30-43
https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.270

UDC 371.3
МРНТИ 16.31.51

**А.Б. Әмірбекова[1]*, Қ. Талғатқыз[1], Л. Уракова[2], К. Ғабитхан[1], М. Абдрахман[1]**

[1]А. Байтұрсынов атындағы лингвистикалық институты,
Алматы, Қазақстан;
[2]Анталиядағы Ақдениз университеті, Түркия.

# ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫ КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІМЕН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘСІЛДЕРІ

**Аннотация**. Мақалада Case study әдісін қолдана отырып, студенттерге қазақ тілін үйретудің маңыздылығы негізделеді. Қазір қазақ тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті күшейту аса маңызды. Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілер сабақта кейстерді қолдану арқылы тілдік коммуникацияға еркін түсу мүмкіндігіне ие бола алады. Классикалық кейс әдісі өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етсе, кейс стади әдісі – коммуникативтік тәжірибеде шыңдауға баулиды. Мақалада оқушыларға кейстер келтіріліп, оны интернет ресурстары арқылы, мультимедиалық тапсырмалар арқылы толықтыру, тапсырма құрастыру жолдары ұсынылған.

Бұл мақалада кейс-стади әдісін қолдана отырып, жағдаяттық тапсырмаларды интернет ресурстары арқылы әзірлеудің тиімділігі түсіндіріледі. Кейс стади әдісінің институционалды дискурсты жетілдіруге, кез келген дискурстық жағдаятта тілдік қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктерін ашатын әдіс екені дәлелденеді.

Кейс-оқыту технологиясы (әдісі) – бұл әрекет арқылы оқыту. Кейс әдісінің мәні – білімді игеру және дағдыларды қалыптастыру оқушылардың тілдік барьерді, қарама-қайшылықтарды шешудегі ең тиімді тәсіл екені дәлелденеді.

Мақала «BR11765619 «*Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу:*

*ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы»* атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жағдаяттық мәтіндер құрастыру мақсатында орындалды.

**Түйін сөздер**: кейс-стади, коммуникация, оқытудың интерактивті әдістері, кейс-технология, коммуникативтік құзыреттілік.

**А.Б. Амирбекова[1]*, Г. Талгаткызы[1], Л. Уракова[2], К. Габитхан[1], М. Абдрахман [1]**

[1]Институт лингвистики им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан;
[2]Университет акдениз в Анталии, Турция.

# СПОСОБЫ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ МЕТОДОМ КЕЙС-СТАДИ

**Аннотация**. В статье обосновывается важность обучения студентов казахскому языку с использованием метода case study. Сейчас много говорят о необходимости усиления коммуникативной составляющей при обучении казахскому языку. Использование тематических исследований на занятиях с иностранцами может способствовать достижению этой цели. Кейс-стади – эффективный метод для развития навыков принятия решения учеников, цель работы с кейсом – это создать коммуникативный практикум.

В этой статье представлена попытка создать такие ресурсы для концептуального типа аннотаций, одного из самых популярных и проблемных уровней аннотаций, с использованием метода тематических исследований. Концептуальная аннотация понимается как своего рода семантическая аннотация, ориентированная на решение конкретных информационных проблем в определенных областях.

Кейс-технология (метод) обучения – это обучение действием. Суть кейс-метода заключается в том, что усвоение знаний и формирование умений является результатом активной самостоятельной деятельности учащихся по разрешению противоречий, в результате чего происходит творческое овладение профессиональными знаниями, навыками, умениями и развитие мыслительных способностей.

Статья выполнена в рамках проекта «BR11765619 «Разработка национального корпуса казахского языка как информационно-инновационной базы государственного языка: научно-образовательный интернет-ресурс». Проект был осуществлен с целью создания ситуационных текстов.

**Ключевые слова**: кейс-стади, коммуникация, интерактивные методы обучения, кейс-технология, коммуникативная компетентность.

**A.B. Amirbekova[1]*, G. Talgatkyzy [1], L. Urakova[1], K. Gabitkhan[1], M. Abdrahman[1]**

[1]Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, Almaty, Kazakhstan;
[2]Akdeniz University Antalya, Turkey.

## WAYS OF EFFECTIVE USE OF LANGUAGE INTERNET RESOURCES BY THE CASE STUDY METHOD

**Abstract**. The article substantiates the importance of teaching students the Kazakh language using the case study method. Now there is a lot of talk about the need to strengthen the communicative component when teaching the Kazakh language. The use of case studies in classes with foreigners can contribute to this goal. Case study is an effective method for developing students' decision-making skills, the purpose of working with the case is to create a communicative workshop.

This paper presents an effort to create such resources for the conceptual type of annotation, one of the most popular and problematic annotation levels, by using the case study method. Conceptual annotation is understood as a kind of semantic annotation focused on solving specific information problems within specific domains.

The case technology (method) of learning is learning by action. The essence of the case method is that the assimilation of knowledge and the formation of skills is the result of active independent activity of students to resolve contradictions, as a result of which there is a creative mastery of professional knowledge, skills, abilities and the development of thinking abilities.

The article was carried out under the project "BR11765619 "Development of the national corpus of the Kazakh language as an information and innovation base of the state language: a scientific and educational Internet resource". The project was carried out with the aim of creating situational texts.

**Key words**: case study, communication, interactive teaching methods, case technology, communicative competence.

**Кіріспе**. Тіл оқытудың коммуникативті бағыты аясында сабақ барысында әдіскерлер оқушылармен тақырыптық зерттеулерді қолдануға көп көңіл бөледі. Тіл үйретуші мұғалімдерінің арасында оларды қолданудың маңыздылығына күмән жоқ, өйткені мұндай оқыту

әдістері ауызша коммуникацияға түсуге ынталандырады, оқушының сөздік қорын кеңейтуге ықпал етеді, белгілі бір грамматикалық құрылымдарды қолдануды дұрыс қолдануға бейімдейді, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Тіл оқыту әдістемесінің бірі – "кейс-стади" сөйлеу мазмұнына байланысты түрлі ситуативті оқиғалардың жиынтығы ретінде қарастырады. Кейс-стади оқушыларға лингвистикалық түркіжайттарды нақты жағдайлармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Кейс-стади әдісі – ауызша қарым-қатынас кезіндегі нақты ситуациялық жағдаяттарды шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді талдау әдісі. Кейс-стади әдісінің мәні топтарға бөлінген оқушыларға тосын жағдаяттан дұрыс жауап беру арқылы оңтайлы тілдік қарым-қатынас құру жұмыстарымен анықталады. Яғни кез келген ситуациялық тақырыпта оқушы өз ойын жүйелі жеткізіп, ситуацияның шешімін таба білуге бейімдеу. Бұл әдістің мысалдары көп жағдайда, институционалды дискурсқа түскен әңгімелерден алынады. Кейс-стади әдісі – көпшілік алдында сөйлеуден жасқанатын немесе жұртшылыққа өз ойын жеткізе алмайтын оқушыларды ашу үшін, еркін коммуникацияға түсуіне көмектесетін әдіс. Қазіргі қоғамның қарқын даму кезеңінде әрбір жеке тұлға кез келген сала дискурсында тілдік коммуникацияға еркін түсе алатын қабілеті болуы аса маңызды. Мектепте білімін жазба жұмыстары арқылы дәлелдеу жеткіліксіз. Тілдің қызметін әсіресе ауызша тіл қызметін әсерлі әрі тиімді пайдалану, тілдің прагматикалық қасиетін қолдана білу оқушылар үшін қажетті. Сондықтан кейс-стади әдісі арқылы көп сөйлемейтін оқушылар да пікірталасқа қатысып, өз ойын жеткізе алатын деңгейге көтерудің жолдарын ұсыну мақала мақсаты болмақ.

**Материалдар мен әдістер**. Кейс әдісін алғаш рет 1870 жылы Гарвард заң мектебінде Заң факультетінің деканы, профессоры Кристофер Колумб Лангделл қолданған болатын. К. Лэнгделлдің көзқарасы бойынша: «Кейс-стади әдісі дәстүрлі оқытуды (дәрістер, семинарлар) күрт өзгертті. Әрине үлкен өзгеріске үлкен қарсылықтар да болды "(*http://www.vshu.ru/lections.php*). Бірақ, соған қарамастан, алғашқы үш жылда бұл әдіс Гарвард университетінде жаппай қолданыла бастады. Бұл әдістің тиімділігі мен бірегейлігі алты заң мектебінде бағаланды. Байқағанымыздай, заң және сот дискурсында жазықсызды ақтау, кінәліні анықтауда тілдің қуаты маңызды рөл атқарады. Адамның ақиқат пен жалғанды шынайы баяндауын кейс-стади әдісі арқылы, яғни тосыннан жағдаяттық сұрақтар қою арқылы тілдесу нәтижесінде қол жеткізуге болатынын дәлелдеді. Кейс-стади әдісі жылдам ойлау, аялық білімді сәтті қолдану шеберлігіне баулиды. Кейс стади әдісін жоғары сынып

оқушыларына, дебат сабақ, пікірсайыс сабақтарына қолданған тиімді. Дәстүрлі дәрістердің орнына оқушылар өмірдегі нақты құқықтық жағдайларды қарастырып, талқылайды. Кейс – бұл оқушылардың аялық білім, практикалық тәжірибе мен түйсігі негізінде шешуі керек өмірлік проблемалық жағдаяттардан шығуға бағыттайтын әдіс. Кейс-стади әдісінде кез-келген жағдайдың бірнеше шешімі толықтай қамтылады, барлық мүмкін шешімдер талқыланады.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау жасайтын болсақ, шет тілдерін оқытудың кейс (ауызша) әдісі өткен ғасырдың 30-шы жылдары Ұлыбританияда пайда болғанын көрсетеді. Х. Палмер, М. Уэст, А. Хорнби жетілдірген кейс-стади әдісінде лексикалық материалды таңдауға басымдық береді. Демек, институционалды дискурсқа бейімдеу осы әдістің көмегімен жүзеге асады деген сөз. Әрбір саланың жағдаяттық әңгімесін сол саланың терминдік тілінде сөйлеуге бейімдейтін әдіс ретінде қабылдайды. Тіл оқытуда кейс-стадияларды қолданудың тиімділігі туралы ресейлік зерттеушілер XX ғасырдың 70-ші жылдарының аяғында өз көзқарастарын білдірді. Ол кезде С. Попова , Е. Пронина (Пронина и др., 2021), Б. *Андюсев* (Андюсев, 2020), Б.Сергеева (Сергеева, 2015) кейс-стади әдісінің сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға едәуір ықпалы бар екенін диссертациялары арқылы дәлелдеді. Дегенмен, аталмыш ғалымдар кейс-стади әдісі жоғары оқу орындарының студенттеріне қолданатын әдіс деп шектелсе, кейін А.Золотарев (Золотарев, 2012), А. Новиков (Новиков и др.), Р. Миньяр-Белоручев, Л. Семенец, А. Терехова және т. б. және әдіскерлер Л. Дьяченко, Овчаренко, Т. Плоцкая және т.б. орта мектепте оқушыға кәсіби бағдар беруге, кемел адам ретінде қалыптастыруға бағыттайтын әдістің бірі ретінде пайдалануға ұсыныс жасады. Ал қазақ тілін меңгертуде кейстерді коммуникативтік әдісі ретінде пайдалану әлі де кеңінен қолға алынбай жатыр. Себебі кейс-стади әдісін қалыптастырушылар шетелдіктер үшін жаңа тілдік ортаға бейімделу мақсатын басты критерий етіп алған. Бірақ ана тілінде сөйлейтін оқушылардың да ортаға бейімделу, тез коммуникацияға түсу мәселелерін шешуде тиімді пайдалануға болатынына аса мән бермейді. Осы әдіс арқылы тез бейімделетін оқушылар командада жұмыс істеуге дайын болуға, тапсырманың ең ұтымды шешімін табуға мүмкіндік алады. Аналитикалық және коммуникативті қабілеттер қалыптасады және дамиды, зерттеу қызметі жүзеге асырылады. Кәсіби және күнделікті қарым-қатынас үшін ситуациялық талдауды қолдану табиғи құбылыс. Кейстер әртүрлі формада ұсынылуы мүмкін: интернет және мерзімді басылымдардағы ресурстар, энциклопедия мақалалары, хабарландырулар, қаржылық және экономикалық есептер, хаттар,

мұрағаттардағы материалдар, тіпті 3-4 аудио және бейне форматтарда ұсынила береді. Демек, жағдаяттық тақырыпқа айтарлықтай шектеу жоқ. Ең басты талап – алынған материал жағдаятқа құрылуы тиіс. Осы орайда бірқатар зерттеушілер кейстің мақсатын әртүрлі ұғындырады. Ю. Гайрбекова тұжырымынша: «Кейс-стади әдісінің мақсаты тіл үйренушілердің коммуникативтік және лингвомәдениеттанымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ету. Олай дейтін себебіміз, коммуникативті құзыреттілік ситуациялық жағдаяттарға төтеп бере алу, ситуациялық сұрақ құру процесінде тіл үйренуші сол тілді тұтынушылардың ақиқатына едәуір жақындайды» (Гайрбекова, 2018).

Әдіскер И.А. Оскольскаяның зерттеуінше: «Жағдаяттық мәтіннен оқушы міндетті түрде шешім қабылдау қажет. Көркем мәтін берілсе оның сюжетіне мазмұндау емес, идеясын анықтап айта алатын деңгейге жеткізу қажет. Сонда ғана кейс-стади әдісінің орындалғанын көруге болады» (Оскольская, 2016). Демек, кейс стади әдісі оқушыны ой түйіндеу, жағдаятқа өз көзқарасын білдіру сияқты логикалық пайымдауға бейімдейтін әдіс деп танылады.

Л.К. Гейхманның пікірінше: «қолданбалы жаттығуларды орындауда пайда болған шиеленіскен мәселелерді шешуде кейс әдісі тиімді, себебі кейстің тезистеу үлгісі бар. Оқиғаның басы, кіріспесі, шиеленісі, шарықтау шегі, шешімі, қорытындысы сияқты сатылы ойлау жүйесіне сала отырып, шешімін табады» (Гейхман, 2007).

Тәжірибе көрсеткендей, кейс тек ғылыми және әдістемелік ғана емес, сонымен қатар жанрлық зерттеуді жүзеге асыруда тиімді оқу-әдістемелік жұмысқа айналады (Юлдашев и др., 2006).

Ю.П. Сумринаның зерттеуінше: «Кейс-технология жағдаяттық мәтінді талдау, мүмкін нәтижелерді бағалау, ең жақсы нұсқаны таңдау және оны жүзеге асыру жоспарын құру қабілетін дамытуға ықпал етеді. Егер оқу жылында мұндай әдіс бірнеше рет қолданылса, онда оқушылар кез келген дискурстық жағдаяттың шешімін табуға тұрақты дағдысын дамытады» (Сурмина, 2002).

С. Шереметьеваның пайымдауынша: «Кейс-стади әдісі немесе кейс технологиясы кез келген зерттеудің эмпирикалық бастамасы ретінде нәтижеге жетелейтін бағытты жүйелі әрі дұрыс таңдауға мүмкіндік жасайтын талдау әдісі деп түсініледі. Кейс әдісі арқылы оқушы сөздік қорындағы сөздерді сандық жағынан емес, сапалық жағынан қолдануға бейімделеді» (Шереметьева, 2020).

Hao Wu кейс стади әдісінің қай салаларда жиі қолданылатынын былайша түсіндіреді: «Отандық педагогикалық әдебиеттерде кейс әдісін білім беру, әлеуметтік және бизнес дискурсында қолданылады

деп көрсетілген. Бірақ бұл әдіс әлемдік деңгейде компьютерлік лингвистикада кеңінен қолданылады» (Hao Wu et.al, 2010).

Расымен де педагогикалық электронды ресурстарды дайындауда оқушының жас ерекшелігіне сай, тақырыптық мазмұнға сай түрлі мәтіндер дайындалады. Олар әрине кейс технологиясы арқылы іріктеліп, жинақталады. Педагогтің цифрлық ресурстарында жазба мәтіндермен қоса аудиомәтіндер де сақталады. Оларды жүйелеуде мәтін корпусы құрылады. Осы мәтін корпусы кейс-стади әдісімен жүйеленеді.

П. Стенепорттың пайымдауынша: «Педагогикалық әдістің тиімдісі ретінде танылған кейс-стади – әрбір тілдегі концептуалды көпмағыналылықты реттеуде, яғни сөзді мағынасына қарай орынды қолдануда көмектесетін әдіс. Кейс-стади бірнеше тілді қатар оқытқанда немесе салыстырмалы оқытқанда әрбір тілдегі сөздің мағынасын табуға, концептілік ұғымның анықтамасын айқындауда қажетті материалдармен қамтамасыз ететін құрал ретінде жасалады. Себебі компьютерлік жүйеде рәсімделетін кейс-стади құрылымда ситуациялық мәтіндер, стиуациялық сұрақтар, ондағы әрбір сөздің мағынасын анықтайтын мәліметтер ұяшығы, тіпті болжам жауаптар да сақталады » (Stenetorp et.al, 2012).

Зерттеушілердің нәтижелерін сараптай келгенде кейс-стади әдісі тіл үйретуде коммуникациялық құзіреттілікті дамытуға әрі мәтінмен жұмыс жасау қабілетін арттыруда тиімді әдіс ретінде таңдалғанын аңғартады. Ендеше интернет-ресурстарындағы жағдаяттық мәтіндер бойынша пікірлесу, шешім шығару тапсырмаларын түрлендіруде кейс-стадидің тиімді жолдарын былайша талқылаймыз.

**Нәтижелер**. Біріншіден, кейс әдісі жоғары сыныптарға ең тиімді тәсіл. Бұл әдісті бастауыш сынып оқушыларына үнемі қолдану оң нәтиже бермейді. Себебі логикалық ойлау, дүниетанымдық білімі, пайымдау қабілеті толыққан кезеңде қолданған жөн деп ойлаймыз.

Екіншіден, кейс әдісі ұжымдасуға бейімдейді. Топтық пікір қалыптастыруға бағыттайды. Даралану, эгоистік көзқарастар арылтады. Себебі кейс әдісі бойынша пікірлесу алаңы болуы міндетті. Пікірлесу барысында оқушылар өз көзқарасын ортаға салады. Пікірінің оң не теріс екеніне өз көз жеткізеді. Ортақ пікірдің қалай пайда болғанына сенімді болады.

Үшіншіден, ең бастысы, оқушы шаршы топ алдында тілдік коммуникацияға түседі. Жаттанды сөз емес, айтылмақ ойын жүйелі жеткізуге үйренеді. Кейс әдісі жазуға емес, айтуға бейімдейді. Сондықтан оқу әрекеттерінің ішінде айтылымды жүзеге асыратын әдістің бірі ретінде таңдалады.

Төртіншіден, мәтінмен жұмыс жасау, көркем мәтіннің идеясын тану, шығармадан алған әсерін таныту, басқа шығармалармен салыстыра сөйлеу мүмкіндігіне ие болады.

Бесіншіден, кез келген институционалды дискурс деңгейінде еркін тілдік қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндігі артады. Себебі әртүрлі жаяғдаяттарға қарай кәсіптік салалардың терминдерімен танысады, кәсіби білімі кеңейе түседі.

Кейс-стади әдісі қолдануға алғышарты – жағдаяттық оқиғаға қатысты аялық білімнің болуы, сөздік қорының жеткілікті болуы.

Ендігі кезекте кейс-стади әдісін сабақ барысында қалай қолдану керектігін талқылайық. Кейске белгілі бір тақырыптағы жағдаяттық мәтіндер мен сұрақтар алынады. Мәселен, сауда-саттық тақырыбы бойынша мынадай жағдаятттық тапсырма болуы мүмкін:

Кейс – 1. Сауда-саттық.

№1 жағдаяттық тапсырма.

Дүкеннен азық-түлік алып жатырсыз. Шыны ыдысқа құйылған сүтті кенет қолыңыздан түсіріп алдыңыз. Сүт төгіліп қалды. Не істейсіз? Бірінші қандай әрекет жасайсыз?

Бұл жағдаяттан шығудың түрлі жауаптары бар және жүйелі жауабы да бар. Оқушы соның ішінде жүйелі жауапқа ұмтылуы маңызды. Егер оқушының танымында тұтынушылардың құқығы туралы заң-ережелері жайында ақпарат болса, онда алдымен персоналды қызметкерді шақырып ескертетінін, (себебі көпшілік орында басқалар басып кетпеуі керек), бүлінген затты төлеу қажет екенін білуі тиіс. Осылайша жауап береді.

Қазақ тілін оқытуда кейс әдісін қолдануға мүмкіндік беретін маңызды құрал – qazkorpus.kz порталы. Себебі кейс әдісіне жағдаяттық мәтін қажет. Ал қазақ тілінің ұлттық корпусы мәтіндердің жинағы. Ко*рпус – бұл мәтіндерді электронды түрде жинауға негізделген ақпараттық-анықтамалық жүйе.* Анықтамадан айқындалып тұрғандай, біріншіден, корпус – бұл мәтіндерді электронды (цифрлендірілген) түрде жинау; екіншіден, корпус анықтамалық-ақпараттық жүйе ретінде қолданыла алады. Кейс әдісі көркем шығармалардан алынған үзінділермен берілсе танымдық қызметі арта түседі. Әрі оқушы қарапайым өмір тіршілігінен хабардар болады. Себебі көркем шығарма өмірдің ақиқатын суреттейді. Оқушының бұл шығарманы оқуға қызығушылығы артады.

Кейс әдістің бұл ең қарапайым түрі. Екінші түрі – фразалық тіркестермен логикалық жұмбақ жасау.

Кейс -2. Мамандық.

№2 жағдаяттық тапсырма. Берілген тіркестер бойынша мамандықты табыңыз, не себепті олай аталғанын түсіндіріңіз.




Сурет -1. №2 Кейс тапсырмасы.

Кейс әдістің 3-ші түрі. Мультимедиалық тәсіл. Видео немесе иллюстрация арқылы жасырынған жағдаятты тану, түсіндіру.

Кейс – 3. Сыбайлас жемқорлық.

№3 жағдаяттық тапсырма. Суретте жасырынған тұрақты тіркесті табыңыз, тақырыпқа сәйкес түсіндіріңіз.



Сурет -2. №3 жағдаяттық тапсырма.

Кейс құрылғылдарын оқу үдерісінің мақсат-міндеттеріне сай жіктеуге болады. Мысалы:

- талдау және бағалау бойынша оқыту;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау бойынша оқыту;
- мәселені, шешімді немесе тұжырымдаманы тұтастай суреттейтін зерттеу.

Case-study әдісін қолданудың шетелдік тәжірибесімен жақсы таныс Н. Федянин мен В. Давиденконың ұсынысы бойынша кейс мәтіндер топтамасымен толыққанмен, мәтіннің мазмұнында ақпарат аз болуы қажет. Мәтін әртүрлі тақырыпта болып, әрбір мәтіннің мазмұны бір ғана ситуациялық оқиғаға лайықталғаны дұрыс. Бұндай мәтіндер жинағынан тұратын кейсті құрылымдалған кейс ((highly structured)деп атайды. Құрылымдалған кейстің ерекшелігі мәтінді таңдауда нұсқаулықтар болады. Мысалы, құрылымдық кейс үлгісі.

Тақырыбы:...... (Тәуелсіздік)

Саласы ........ (саясат)

Ішкі тақырып...... (Қазақстанның тәуелсіздігі)

Тұтынушының жас ерекшелігі.... (15-25 жас)

Мәтін стилі........... (публицистикалық)

Мәтіннің дереккөзі ...... (интернет көзі)

Мәтіннің түрі ........... (ситуациялық мәтін)

Мәтін: Қазіргі қазақ жастары шетелде білім алуға құштар және шетелде қызмет етуге ұмтылады. Сіз осы дерекке келісесіз бе? «Өзге елде ұлтан болғанша, өз еліңде сұлтан бол» деген мақалды дұрыс деп ойлайсыз ба? Шетелде қызмет етуге ұсыныс жасаса қабылдайсыз ба?

Жауап...........

Кейстер әртүрлі формала ұсынылуы мүмкін. Бір абзацтық қысқа мәтіннен бастап бірнеше беттік мәтіндер де алынады. Дегенмен, үлкен кейстермен жұмыс жасау кіші кейстерге қарағанда әлдеқайда күрделі және ұзақ уақытты қажет етеді.. Еі тиімді кейс - тақырыптық тұрғыдан бірнеше мәтіндердің бір кейске жиналған түрі. Кейстердің ішінде академиялық мәтіндерді қамтитын түрлері де болады. Бұл кейстер зерттеушілер үшін аса маңызды болғанымен, оқушыларға аса қызы,ушылық тудырмауы мүмкін. Сондықтан тақырыптық кейстерді құрастыру барысында тұтынушының жас ерекшелігі де ескерілуі маңызды. Байқағанымызда әзірше кейс құрудың нақты стандарты жоқ. Әдетте бұған дейінгі кейстер тек жазба мәтіндермен шектелген болатын. Қазіргі кейстерге иллюстрацияланған мәтіндер, аудиомәтіндер еніп жатыр. Цифрлық педагогтердің маңызды құралы кейс құрылымы екені белгілі. Ал кейсті тиімді пайдаланудың жолы – кейс-стади екенін белгілі. Кейс-стади оқушыларға кейсті пайдалана отырып, сөйлету, коммуникативтік әрекетке түсіру. Қазіргі кейс құрамында мәтін берілмей, фотосуреттер мен бейнежазбалар да енетін болған. Сол суретке қарап коммуникативті диалогка түсу, бейнежазбаларды көре отырып, пікірсайысқа түсу тапсырмалары арқылы кейс-стади әдісін қалыптастыруға болады.

Кейстердің дереккөздері:

- Оқушыға ой тастайтын, идея ұсына алатын көркем немесе публицистикалық мәтіндер, сюжеттік құрылымдар;
- Мерзімді БАҚ-тан алынған үзінділер, әңгімелер, мақалалар, карикатуралық суреттер, диаграммалар мен кестелер.
- Электронды БАҚ-тан алынған үзінділер, телеарнадағы бейнеүзінділер, радио бағдарламалардың аудиоүзінділері
- Поэзия мәтіндері, көркем оқылған аудиомәтіндер.
- Мұғалімнің өзі құрастырған жағдаяттық мәтіндері
- Оқушылар құрастырған ситуациялық сұрақтар
- Мектеп оқушыларына арналған логикалық сұрақтар, т.б.

**Қорытынды**. Кейс-стали әдісі білім беру ісінде кең қолданылатын педагогикалық әдіс. Кейс әдісі білімді бекіту, өткенді қайталау жағдайында кеңінен қолданылады. Кейс-стади әдісі сыни тұрғыдан ойлау, жобалау, интербелсенділікті дамыту әдістерімен сабақтас. Аталған әдістерден айырмашылығы кейс-стади әдісі оқушыны стратегиялық ойлауға бейімдейді, ситуациялық сұрақтарға балама көзқарасты таңдау, алдын ала ойлау, болжамдарды ескеру сияқты логикалық ой қабілеттерін дамытады. Айтылмақ ойды дәлелді түрде айту білігін арттырады. Айтылған сөзі, шешімі үшін жауаптылыққа баулиды. Себебі кейс-стади әдісінде айтылған пікірінің дұрыс екенін мойындату ережелері бар. Кейс-стади командада жұмыс істеу мүмкіндігін арттырады. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту тұрғысынан, мысалы, студенттер нақты өмірлік жағдайға сенімді болуы үшін, олар сабақта өздері үшін қажетті мәселелерді шеше алатын жағдайларға қойылуы керек. Тіл сабақтарында кейс-технологияны қолдану үш мақсатты көздейді, атап айтқанда: 1) коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру;

2) лингвистикалық құзыреттілік дамыту;

3) мәдениеттанымдық құзыреттілікті арттыру.

Кейс мәтіндері ситуациялық оқиғаларға лайықталған болуы басты талап болуының себебі, дау, пікірталас, аргументация, сипаттау, салыстыру, сендіру және басқа да сөйлеу әрекеттерімен сипатталатын іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы сәтті коммуникация құруға бағытталады. Кейс мазмұны оқушылардың аналитикалық, басқарушылық, шешім қабылдау дағдысын, тұлғааралық қарым-қатынас дағдысын, шығармашылық қабілетін, бірнеше тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдысын қалыптастыруға негізделеді. Осыған сүйене отырып, кейс әдісі оқу материалының ерекше түрін де, оны оқу практикасында қолданудың ерекше тәсілдерін де қамтиды.

Қазіргі педагогикалық әдістер тұлғаның танымдық әлеуетін

дамытуға, оқу қабілетін арттыруға, жаңа білім жүйелерін игеруге, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оның шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Бұл жағдайда үлкен жауапкершілік мұғалімнің мойнына түседі. Бұл жағдайда ол оқу бағдарламасын жақсартудың тиімді жолдарын табуда, сонымен бірге оқытудың оңтайлы әдістері таңдауда қателеспеуі қажет. Кейстер әдетте жазбаша түрде (қазір аудио, бейнежазбада) дайындалады және нақты адамдардың тәжірибесіне сүйене отырып жасалады. Кейстердегі рөлдердің көп болуының арқасында аталмыш технология ойын әдістері мен проблемалық оқытуға жақын, себебі мәдениетаралық тілдік коммуникативтік құзыреттілік қалыптасады.

Кейс - күрделі құбылыс; себебі мәтіндік жүйеге негізделеді. Мультимедиалық құрылымнан тұрады. Сондай-ақ кейс проблемалық, конфликтогендік, рөлдік, оқиғалық, ситуациялық аспектілерді қатар атқара алады. Қорыта айтқанда кейстің мақсаты – жағдайды диагностикалау және аталған проблема бойынша өз бетінше шешім қабылдау, мәселені шешу жолдарын іздеу.

Қорытындылай келе, кейстерді қолдану әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық және педагогикалық тұрғыдан негізделген және қамтамасыз етілуі керек екенін атап өткен жөн. Кейстердің функционалдық өрісі қазақ тілін оқытудың дәстүрлі классикалық әдістерін қолдану үшін кең мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз. Қазақ тілін оқытуда кейстерді қолдану қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне біріктірудің тағы бір қадамы болып табылады.

**Information about author:**

**Amirbekova Aigul Baidebekovna** – Candidate of Philology. leading researcher Institute of Linguistics named after A. Baitursynov Almaty, Kazakhstan. *https://orcid.org/0000-0001-8540-8264. marghan01@mail.ru*;

**Gulnar Talgatkysy** – 2nd year doctoral student Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan. *https://orcid.org/* 0000-0002-9312-6651. *gulalyzhan@mail.ru*;

**Urakova Lazzat** – PHD. Akdeniz University Turkey, Antalya. . *https://orcid.org/ 0000-0003-4911-9910 marghan01@mail.ru*;

**Gabithanuly Kairat** – Candidate of Philological Sciences Leading Researcher Institute of Linguistics named after A. Baitursynov Almaty, Kazakhstan. *https://orcid.org/0000-0003-4434-2291 marghan01@mail.ru*;

**Moldir Abdrakhman** – master Junior Scientific Associate Institute of Linguistics named after A. Baitursynov Almaty, Kazakhstan. *https://orcid.org/0000-0003-4434-2291* marghan01@mail.ru.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

Андюсев Б. Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей // Директор школы. 2020 № 4. – С. 61-69. Гайрбекова К.Ю. Игровые интерактивные технологии как средство обучения РКИ // Рефлексия. 2018. № 5. С. 39–43. Гейхман Л.К. Дистанционное образование в свете интерактивного подхода / Л.К. Гейхман // Матер. II Международ. Науч.-практ. конф. (Пермь, 6-8 февраля 2007 г.). – Пермь: Изд-во ПГТУ, 2006. - С.25-32.

Кейс-метод. Окно в мир ситуационной методики обучения (case-study). [Электронный ресурс] / Доступ: http://www.casemethod.ru.

Долгоруков А. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения [Электронный ресурс]. URL: http://www.vshu.ru/lections.php (дата обращения: 17.02.2014).

Золотарев А.А. Кейс-метод: особенности разработки и реализации (методические рекомендации). СПб.: Изд-во университета управления и экономики, 2012.- 48 с.

Новиков А.Е., Прутченков А.С. Кейс-стади [Электронный ресурс: *http://www.myshared.ru/slide/326674/*].

Оскольская И.А. Активное внедрение технологии кейс-стади в процессе обучения иностранному языку студентов неязыковых специальностей // Вестник современной науки. 2016. № 3–2 (15). С. 77–82.

Попова С.Ю., Пронина Е.В. Современные образовательные технологии. кейс-стади. Учебное пособие для академического бакалавриата Изд. 2. 2021. 126 с.

Сборник кейсов для вузов по дисциплинам гуманитарного и социально-экономического цикла: учебно-методическое пособие. – СПб.: Издательство Санкт-Петербургско-го университета управления и экономики, 2015. - 138 с.

Сергеева Б. В. Использование метода кейс-стади как средство формирования профессиональной компетентности будущих педагогов начального образования // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 9. – С. 16–20. – URL: *http://e-koncept.ru/2015/95020.htm*.

Сурмина Ю. Ситуационный анализ, или анатомия кейс-метода / под ред. Ю.П. Сурмина. – Киев: Центр инноваций и развития, 2002. – 125.

Шереметьева С. Об использовании метода кейс-стади для создания универсальных ресурсов концептуального аннотирования многоязычных текстов // *Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Лингвистика* №4, 2020.

Юлдашев З.Ю., Бобохужаев Ш.И. Инновационные методы обучения: особенности кейс-стади метода обучения и пути его практического использования. Ташкент: Iqtisod-Moliya, 2006. 88 с.

Hao Wu, Jun He, Yijian Pei. Scientific Impact at the Topic Level: A Case Study in Computational Linguistics. Journal of the American Society for Information Science and Technology. 2010, November, vol. 61, issue 11, pp. 2274-2287.

Stenetorp P., Pyysalo S., Topic G., Ohta T., Ananiadou S., Jun'ichi Tsujii J. BRAT: a Web-based Tool for NLP-Assisted Text Annotation. Proceedings of the 13th Conference of the European Chapter of the Association for Computational Linguistics, April 2327, 2012. Avignon, France, 2012, pp. 102-107.

**REFERENCES:**

Andyusev B.E. Case method as a tool for the formation of competencies // The headmaster of the school. 2020 No. 4. – pp. 61-69.

Gayrbekova K.Yu. Game interactive technologies as a means of teaching RCT // Reflection. 2018. No. 5. pp. 39-43.

Geikhman L.K. Distance education in the light of an interactive approach / L.K. Geikhman // Mater. II International. Scientific and practical conference (Perm, February 6-8, 2007). – Perm: Publishing House of PSTU 2006,. - pp. 25-32.

Case method. A window into the world of situational teaching methods (case study). [Electronic resource] / Access: http://www.casemethod.ru.

Dolgorukov A. Method case study as a modern technology of professionally-oriented training [Electronic resource]. URL: http://www.vshu.ru/lections.php (Date of publication: 17.02.2014).

Zolotarev A.A. Case method: features of development and implementation (methodological recommendations). St. Petersburg: Publishing House of the University of Management and Economics, 2012.- 48 p.

Novikov A.E., Prutchenkov A.S. Case study [Electronic resource: http://www.myshared.ru/slide/326674 /].

Oskolskaya I.A. Active implementation of case study technology in the process of teaching a foreign language to students of non-linguistic specialties // Bulletin of Modern Science. 2016. No. 3-2 (15). pp. 77-82.

Popova S.Yu., Pronina E.V. Modern educational technologies case study. Textbook for academic baccalaureate Ed. 2 2021. 126 p.

Collection of case studies for universities in the disciplines of the humanities and socio-economic cycle: an educational and methodological guide. – St. Petersburg: Publishing House of the St. Petersburg University of Management and Economics, 2015. - 138 p.

Sergeeva B.V. Using the case study method as a means of forming the professional competence of future primary education teachers // Scientific and methodological electronic journal «Concept». – 2015. – Vol. 9. – p. 16-20. – URL: http://e-koncept.ru/2015/95020.htm.

Surmina Yu. Situational analysis, or the anatomy of a case method / edited by Yu.P. Surmin. – Kiev: Center for Innovation and Development, 2002. -125.

Sheremetyeva S. On the use of the case study method to create universal resources for conceptual annotation of multilingual texts // Bulletin of the South Ural State University. Series: Linguistics No. 4, 2020.

Yuldashev Z.Yu., Bobokhuzhaev Sh.I. Innovative teaching methods: features of the case study of the teaching method and ways of its practical use. Tashkent: Iktisod-Moliya, 2006. 88 p.

Hao Wu, Jun He, Yijian Pei. Scientific impact at the topic level: A case study in computational linguistics. Journal of the American Society of Information Science and Technology. 2010, November, volume 61, issue 11, pp. 2274-2287.

Stenetorp P., Pyysalo S., Topic G., Okhta T., Ananiadu S., Junichi Tsuji J. BRAT: a web tool for annotating text using NLP. Proceedings of the 13th Conference of the European Branch of the Association of Computational Linguistics, April 2327, 2012. Avignon, France, 2012, pp. 102-107.

# СОДЕРЖАНИЕ

## ПЕДАГОГИКА

**К.С. Абдикалык, К.Н. Абилдаева**
ОБУЧЕНИЕ РОМАНА Ш. БРОНТЕ О ЖЕНСКИХ СУДЬБАХ...............6

**М. Адилханұлы, З.С. Такуова, К.Н. Булатбаева**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ГРАММАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ И СОЧЕТАЕМОСТИ СЛОВ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ РЕЧЕВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ..........................................................17

**А.Б. Амирбекова, Г. Талгаткызы, Л. Уракова, К. Габитхан, М. Абдрахман**
СПОСОБЫ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ МЕТОДОМ КЕЙС-СТАДИ...........................30

**Баянбек Амантай**
ОБУЧЕНИЕ ОСНОВНЫМ КОНЦЕПЦИЯМ ОБЪЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНТЕГРИРОВАННОЙ СРЕДЫ РАЗРАБОТКИ GREENFOOT.......................................................................................44

**Г.В. Валеева, Г.А. Степанова, И.П. Краснощеченко, М.Р. Арпентьева, Спиженкова М.А., И.А. Подольская, М.Е. Киричкова**
ИНКЛЮЗИВНЫЙ ПСИХОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЙ ДИАЛОГ И ДИАЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ЛИЧНОСТИ.................65

**Р.И. Кадирбаева, Е.Б. Оспанов**
ОТКРЫТЫЕ ЗАДАЧИ - СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПРАВДОПОДОБНОГО РАССУЖДЕНИЯ.........91

**А.А. Куралбаева, С.Б. Жахия, Г.Е. Абылова**
СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ УЧЕБНИКОВ НА РОДНОМ ЯЗЫКЕ КАЗАХСТАНА И ТУРЦИИ.....................................................104

**Л. Маликқызы, Х.Н. Жанбеков, А.Е. Сагимбаева, Л.А. Нұғманова**
ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗОВ..............................................................120

**Г.С. Махарова**
ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПО КЕЙС МЕТОДУ........................................................................129

**М.М. Мырзалиева, Ж.Т. Тилекова, Х.К. Кидирбаева, Г.А. Джамашова, А.М. Желдибаева**
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫХ ДИСЦИПЛИН: ГЕОЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ В ОБРАЗОВАНИИ.............................................................148

**Н.А. Рахимжанова, Б.Н. Нусипжанова, Ш.С. Сұлтанбеков, С.Ж. Арзымбетова, А. Құрманбаева**
ФОРМИРОВАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ-ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В УСЛОВИЯХ ВУЗА..............................................................................................160

**Г.А. Ризаходжаева, М.М. Акешова, М.Б. Шайхыстамова, С. Джаббарова**
ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АРТ - ТЕРАПИИ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ СПЕЦИАЛИСТОВ СФЕРЫ ТУРИЗМА..........................................................................169

**Г.Н. Смагулова**
РЕЧЕВАЯ ЭТИКА ШКОЛЬНИКОВ: КОММУНИКАТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ..................................................185

**А.М. Текесбаева, Ұ.А. Текебай**
ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ В УЧРЕЖДЕНИЯХ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ............197

## ЭКОНОМИКА

**А.Е. Агумбаева, А.Н. Ксембаева, Р.Б. Сартова, М.Ш. Кушенова, А.К. Керимбек**
ТЕОРЕТИКА - КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ПРОБЛЕМ МОЛОДЕЖИ РК..............................215

**Р.К. Алимханова, Е.А. Абенова, З.Е. Намазбаева, Д.Е. Нурмуханбетова, Д.Ж. Ерсултанова**
МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ЭКОЛОГО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИНВЕСТИЦИЙ В РАЗВИТИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ПРИРОДНО-РЕКРЕАЦИОННЫХ СИСТЕМ........................................................................................226

**Д.С. Асан, Д.М. Хамитова, Э.М. Алиева**
КОРПОРАТИВНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА ДО И ПОСЛЕ ПАНДЕМИИ........................246

**А.А. Буртебаева, Г.К. Бекбусинова, Г. Тажбенова, С.А. Азылканова, Е.Ф. Киреева**
ПРОБЛЕМЫ ГАРМОНИЗАЦИИ НАЛОГОВОГО И ТАМОЖЕННОГО АДМИНИСТРИРОВАНИЯ В СТРАНАХ ЕАЭС..................................262

**А.Е. Егинбаева, А.Т. Карипова**
МЕТОДОЛОГИЯ ОЦЕНКИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРОМЫШЛЕННОЙ ПРОДУКЦИИ....................................................273

**Б.А. Жакупова, М.А. Токтарова, А.Ж. Ибрашева, Ш.Т. Нургалиева, К.Б. Сатымбекова**
ТАКТИКА И СТРАТЕГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ РИСК-МЕНЕДЖМЕНТА НА ПРЕДПРИЯТИИ..................................287

**З.О. Иманбаева, Х.Х. Кусаинов, И.Ш. Ажаипова, Г.М. Алдашова, А.А. Ниязбаева**
ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ФИНАНСОВОГО ПЛАНИРОВАНИЯ И БЮДЖЕТИРОВАНИЯ НА ПРЕДПРИЯТИИ......................................................................................300

**А.Ж. Исмаилова, Л.Б. Аликулова, Н.Н. Нурмухаметов, А.Н. Ракаева, Е.В. Заугарова**
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ ОЦЕНКИ БЮДЖЕТНЫХ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.......................................................................................313

**А.М. Касимгазинова, Д.З. Айгужинова, Р.Б. Сартова, К.Е. Хасенова, Г.К. Кенжетаева, Д.З. Ахунова**
ВЛИЯНИЕ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ НА СТРАТЕГИЧЕСКУЮ УСТОЙЧИВОСТЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ СТРУКТУР..........327

**А.Т. Кокенова, М.У. Бейсенова, А.Р. Шалбаева, Г.А. Мауленбердиева, Р.Н. Молдалиева**
ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА ЗЕРНА ЧЕРЕЗ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОЦЕССОВ УПРАВЛЕНИЯ..........343

**А.С. Кулембаева, Ж.К. Басшиева, А.А. Нургалиева, Г.С. Мукина, Г.Д. Баяндина, Б. Куанткан**
РЫНОК ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ В РК..........356

**Л.А. Майсигова, Ш.У. Ниязбекова, Б.Ж. Акимова, Л.П. Молдашбаева, Б.А. Жуматаева**
ВЛИЯНИЕ ТЕХНОЛОГИИ БЛОКЧЕЙН НА ФИНАНСОВО – БАНКОВСКУЮ СФЕРУ..........376

**Мария Теплюк**
ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИЯТИЙ В DEST-МИРЕ..........389

**Ж. Мырзабек, Д.А. Амержанова, А.Ж. Зейнуллина, Л.З. Паримбекова, Д.Д. Ахметова, В. Есмагзам**
ПУТИ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА..........400

**Н.М. Шеримова, Б.Н. Исабеков, Г.К. Демеуова, М.А. Тлеубергенова, Г.К. Бейсембаева, Г.Д. Баяндина**
МЕХАНИЗМ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ АКТИВНОСТЬЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ СТРУКТУР В ПРОМЫШЛЕННОМ СЕКТОРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..........411

## МАЗМҰНЫ

### ПЕДАГОГИКА

**К.С. Әбдіқалық, Қ.Н. Абилдаева**
Ш. БРОНТЕНІҢ ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ РОМАНЫН ОҚЫТУ......6

**М. Әділханұлы, З.С. Такуова, К.Н. Булатбаева**
СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ......................................17

**А.Б. Әмірбекова, Г. Талғатқызы, Л. Уракова, Қ. Ғабитхан, М. Абдрахман**
ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫ КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІМЕН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘСІЛДЕРІ..........................................................................30

**Баянбек Амантай**
GREENFOOT ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ДАМУ ОРТАСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОБЪЕКТІГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫН ОҚЫТУ......................................44

**Г.В. Валеева, Г.А. Степанова, И.П. Краснощеченко, М.Р. Арпентьева, М.А. Спиженкова, И.А. Подольская, М.Е. Киричкова**
МҮГЕДЕКТЕРДІҢ ПЛИХИКОТЕРАПЕВТИКАЛЫҚ ДИАЛОГЫ ЖӘНЕ ДИАЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ.........................................65

**Р.И. Кадирбаева, Е.Б. Оспанов**
АШЫҚ ЕСЕПТЕР - ШЫНДЫҚҚА ЖАНАСЫМДЫ ОЙЛАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ..................................91

**А.А. Куралбаева, С.Б. Жахия, Г.Е. Абылова**
ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯНЫҢ АНА ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ..............................................................104

**Л. Маликқызы, Х.Н. Жанбеков, А.Е. Сагимбаева, Л.А. Нұғманова**
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ..........................................................................120

**Г.С. Махарова**
“КЕЙС” ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........................................................129

**М.М. Мырзалиева, Ж.Т. Тилекова., Х.К. Кидирбаева, Г.А. Джамашова, А.М. Желдибаева**
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР..........................................................................................148

**Н.А. Рахимжанова, Б.Н. Нүсіпжанова, Ш.С. Султанбеков, С.Ж. Арзымбетова, А. Курманбаева**
ЖОО ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ,,,,,,,,,,,,,,,,,160

**Г.А. Ризаходжаева, М.М. Акешова, М.Б. Шайхыстамова, С. Джаббарова**
ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА АРТ - ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ..........................................................................................169

**Г.Н. Смағұлова**
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБІ: ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..........................................................................185

**А.М. Текесбаева, Ұ.А. Текебай**
ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ...........................................197

## ЭКОНОМИКА

**А.Е. Агумбаева, А.Н. Ксембаева, Р.Б. Сартова, М.Ш. Кушенова, А.К. Керимбек**
ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ-ТҰЖЫРЫМДЫҚ ТӘСІЛДЕР.......................................215

**Р.К. Алимханова, Е.А. Абенова, З.Е. Намазбаева,**
**Д.Е. Нурмуханбетова, Д.Ж. Ерсултанова**
АУМАҚТЫҚ ТАБИҒИ-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ДАМЫТУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ..............................................226

**Д.С. Асан, М.С. Мурзамадиева, Э.М. Алиева**
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ПАНДЕМИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ..........................................................................246

**А.А. Буртебаева, Г.К. Бекбусинова, Г. Тажбенова, С.А. Азылканова, Е.Ф. Киреева**
ЕАЭО ЕЛДЕРІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУДІ ҮЙЛЕСТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ........................262

**А.Е. Егинбаева, А.Т. Карипова**
ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ..........................................................................................273

**Б.А. Жакупова, М.А. Токтарова, А.Ж. Ибрашева, Ш.Т.Нургалиева, К.Б. Сатымбекова**
КӘСІПОРЫНДА ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ТАКТИКАСЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ................................................287

**З.О. Иманбаева, Х.Х. Кусаинов, И.Ш. Ажаипова, Г.М. Алдашова, А.А. Ниязбаева**
КӘСІПОРЫНДАРДА ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕНДІРУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ..........300

**А.Ж. Исмаилова, Л.Б. Әліқұлова, Н.Н. Нурмухаметов, А.Н. Ракаева, Е.В. Заугарова**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ..........................................................................................313

**А.М. Касимгазинова, Д.З. Айгужинова, Р.Б. Сартова, К.Е. Хасенова, Г.К. Кенжетаева, Д.З. Ахунова**
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ....................................327

**А.Т. Көкенова, М.У. Бейсенова, А.Р. Шалбаева,**
**Г.А. Мауленбердиева, Р.Н. Молдалиева**
БАСҚАРУ ПРОЦЕСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ АСТЫҚ
ӨНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.................................................343

**А.С. Кулембаева, Ж.Қ. Басшиева, А.А. Нургалиева, Г.С. Мукина,**
**Г.Д. Баяндина, Б. Куанткан**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК
НАРЫҒЫНА ТАЛДАУ.........................................................................356

**Л.А. Майсигова, Ш.У. Ниязбекова, Б.Ж. Акимова, Л.П. Молдашбаева,**
**Б.А. Жуматаева**
БЛОКЧЕЙН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БАНК
СЕКТОРЫНА ӘСЕРІ..........................................................................376

**Мария Теплюк**
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӘСІПОРЫНДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ...........................................................................389

**Ж. Мырзабек, Д.А. Амержанова, А.Ж. Зейнуллина, Л.З. Паримбекова,**
**Д.Д. Ахметова, В. Есмагзам**
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ..........................................................................400

**Н.М. Шеримова, Б.Н. Исабеков, Г.К. Демеуова, М.А. Тлеубергенова,**
**Г.К. Бейсембаева, Г.Д. Баяндина**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІП
СЕКТОРЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІ................411

## CONTENTS

### PEDAGOGY

**K.S. Abdiqalyq, K.N. Abildayeva**
TEACHING A NOVEL ABOUT THE FATE OF A WOMAN
BY CH. BRONTE..........................................................................................6

**M. Adilkhanuly, Z.S. Takuova, K.N. Bulatbayeva**
SOME ASPECTS OF GRAMMATICAL SKILLS AND WORD
COMPATIBILITY IN THE FORMATION OF STUDENTS ' SPEECH
COMPETENCE.........................................................................................17

**A.B. Amirbekova, G. Talgatkyzy, L. Urakova, K. Gabitkhan,**
**M. Abdrahman**
WAYS OF EFFECTIVE USE OF LANGUAGE INTERNET
RESOURCES BY THE CASE STUDY METHOD...................................30

**Bayanbek Amantay**
TEACHING MAIN CONCEPTS OF OBJECT-ORIENTED
PROGRAMMING USING GREENFOOT INTEGRATED
DEVELOPMENT ENVIRONMENT..........................................................44

**G.V. Valeeva, G.A. Stepanova, I.P. Krasnoshchechenko,**
**M.R. Arpentieva, I.A. Podolskaya, M.A. Spizhenkova, M.E. Kirichkova**
PSYCHOTHERAPEUTIC RELATIONS IN INCLUSIVE
PSYCHOLOGICAL COUNSELING.........................................................65

**R.I. Kadirbaeva, E.B. Ospanov**
OPEN TASKS - A MEANS OF FORMING COMPETENCE
OF PLAUSIBLE REASONING.................................................................91

**A.A. Kuralbayeva, S.B. Zhakhiya, G.E. Abylova**
COMPARATİVE STUDY OF TEXTBOOKS İN THE NATİVE
LANGUAGE OF KAZAKHSTAN AND TURKEY.................................104

**L. Malikkyzy, H.N. Zhanbekov, A.E. Sagimbaiyeva, L.A. Nugmanova**
ENVIRONMENTAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS
OF PEDAGOGICAL UNIVERSITIES....................................................120

**G.S. Makharova**
FEATURES OF DEVELOPING LINGUODIDACTIC POTENTIAL OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS BY THE CASE METHOD........129

**M. Myrzaliyeva, Zh. Tilekova, Kh. Kidirbayeva, G.A. Dzhamashova., A.M. Zheldibaeva**
IMPROVING THE METHODOLOGY OF TEACHING NATURAL SCIENCES: GEOECOLOGICAL APPROACHES IN EDUCATION......148

**N. Rakhimzhanova, B.N. Nussipzhanova, Sh.S. Sultanbekov, S.Zh. Arzymbetova, A. Kurmanbaeva**
FORMATION OF PSYCHOLOGICAL CULTURE OF STUDENTS OF PEDAGOGICAL PSYCHOLOGISTS IN THE CONDITIONS OF THE UNIVERSITY........160

**G.A. Rizakhojayeva, M.M. Akeshova, M.B. Shaikhystamova, S. Jabbarova**
EVALUATION EFFECTIVENESS OF USING ART THERAPY IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES TO TOURISM SPECIALISTS........169

**G.N. Smagulova**
SPEECH ETHICS OF SCHOOLCHILDREN: COMMUNICATIVE FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS........185

**A.M. Tekesbayeva, U.A. Tekebay**
FEATURES OF THE WORK OF SOCIAL EDUCATORS IN ADDITIONAL EDUCATION INSTITUTIONS........197

## ECONOMICS

**A.E. Agumbaeva, A.N. Ksembayeva, R.B. Sartova, M.Sh. Kushenova, A.K. Kerimbek**
THEORETICS - CONCEPTUAL APPROACHES IN RESEARCH OF PROBLEMS OF YOUTH OF RK........215

**R.K. Alimkhanova, E.A. Abenova, Z.E. Namazbaeva,
D.E. Nurmukhanbetova, D.J. Yersultanov**
METHODOLOGY FOR ASSESSING THE ECOLOGICAL
AND ECONOMIC EFFICIENCY OF INVESTMENTS IN THE
DEVELOPMENT OF TERRITORIAL NATURAL AND
RECREATIONAL SYSTEMS.......................................................226

**D.S. Asan, M.S. Murzamadiyeva, E.M. Alieva**
CORPORATE SOCIAL RESPONSIBILITY OF SMALL
AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES BEFORE AND AFTER
THE PANDEMIC.......................................................................246

**A.A. Burtebayeva, G.K. Bekbusinova, G. Tazhbenova, S.A. Azylkanova,
A. Kireyeva**
ISSUES OF HARMONIZATION OF TAX AND CUSTOMS
ADMINISTRATION IN THE EEU COUNTRIES..................................262

**A.E. Yeginbayeva, A.T. Karipova**
METHODOLOGY FOR ASSESSING THE COMPETITIVENESS
OF INDUSTRIAL PRODUCT.......................................................273

**B. Zhakupova, M. Toktarova, A. Ibrasheva, Sh. Nurgalieva,
K. Satymbekova**
RISK MANAGEMENT TACTICS AND STRATEGIC DIRECTIONS
IN THE ENTERPRISE.................................................................287

**Zh. Imanbayeva, H. Kusainov, I. Azhaipova, G. Aldashova, A.
Niyazbayeva**
WAYS OF IMPLEMENTATION OF THE FINANCIAL PLANNING
AND BUDGETING SYSTEM IN THE ENTERPRISE...........................300

**A.Zh. Ismailova, L.B. Alikulova, N.N. Nurmukhametov, A.N. Rakayeva,
E.V. Zaugarova**
IMPROVEMENT OF THE SYSTEM OF EVALUATION OF BUDGET
INVESTMENT PROJECTS IN THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN.....................................................................313

**A. Kassimgazinova, D. Aiguzhinova, R. Sartova, K. Khassenova, G. Kenzhetayeva, D. Akhunova**
THE IMPACT OF INNOVATIVE DEVELOPMENT ON THE STRATEGIC STABILITY OF BUSINESS STRUCTURES.....................327

**A.E. Kokenova, M.U. Beisenova, A.P. Shalbayeva, G.A. Maulenberdieva, R.N. Moldalieva**
IMPROVING THE EFFICIENCY OF GRAIN PRODUCTION BY IMPROVING MANAGEMENT PROCESSES...................................343

**A. Kulembayeva, Z. Basshieva, A. Nurgaliyeva, G. Mukina, G. Bayandina, B. Kuantkan**
ANALYSIS OF THE INTELLECTUAL PROPERTY MARKET IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....................................................356

**L.A. Maisigova**, **Sh.U. Niyazbekova**, **B.Zh. Akimova**, **L.P. Moldashbayeva, B.A. Zhumatayeva**
IMPACT OF BLOCKCHAIN TECHNOLOGY ON THE FINANCIAL–BANKING SPHERE.........................................................376

**Mariia Tepliuk**
ENSURING INNOVATIVE DEVELOPMENT OF ENTERPRISE IN THE DEST WORLD......................................................................389

**Zh. Myrzabek, D. Amerzhanova, A. Zeinullina, L. Parimbekova, D. Akhmetova, V. Yesmagzam**
WAYS OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX.........................................................400

**N.M. Sherimova, B.N. Isabekov, G.K. Demeuova, M.A. Tleubergenova, G.C. Beisembayeva, G.D. Bayandina**
MECHANISM FOR MANAGING INNOVATIVE ACTIVITY OF BUSINESS STRUCTURES IN THE INDUSTRIAL SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN................................................411

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Редакторы: *А. Ботанқызы, Р.Жәлиқызы, М.С. Ахметова, Д.С. Аленов*
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 30.04.2022.
Формат 60х881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.
27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 2.

---

*Национальная академия наук РК*
*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*